«Тұрмыстық газ-электрлі (комбинацияланған) плиталар» талаптарына сәйкес келеді және пайдалануға жарамды деп танылған.

Сәйкестік сертификаты, № ЕАЭС RU C-RU.АД85.В.00115/20 Сериясы RU № 0246809

Сәйкестік сертификаты, № ЕАЭС RU C-RU.АД85.В.00085/20 Сериясы RU № 0113182

Сәйкестік сертификаты, № ТС RU C-RU.СП28.В.00983 Сериясы RU № 0158996

ТББ мөртаңбасы

**ЕСКЕРТПЕ:**

- нысанды бұйымды жасап шығарушы кәсіпорын толтырады.

— «әлсіз жалын» режимінде кран өшеді — әлсіз жалын бұрандасын реттеу керек.

## 20. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

20.1. Плиталардың кепілдікті пайдалану мерзімі — тұтынушыда қосу сәтінен бастап 1 жыл және плитаны жасап шығару күнінен бастап үш жылдан артық емес.

20.2. Плитаны сатып алған кезде сатып алушы:

— дүкеннің сату күні белгіленген пайдалану нұсқаулығын алуға және онда кепілдікті жөндеуге (техникалық қызмет көрсетуге) үзбелі талонның болуын тексеруге;

— плитаның жиынтықтылығын тексеруге;

— плитаны ықтимал механикалық зақымдануларға тексеруге міндетті.

20.3. Үзбелі талонда плитаның сатылған немесе монтаждалған күні көрсетіле отырып, дүкеннің мөрі қойылмаған болса, кепілдікті мерзім оның зауыттан шығарылған күннен бастап есептеледі.

20.4. Кепілдікті мерзім ішінде плитаның барлық ақауларын зауытпен жасасқан шарттың негізінде қажетті бөлшектерді өндіруші зауыттың есебінен жеткізе отырып, өңірлік газ шаруашылығы персоналы, ал шарт болмаған жағдайда — істен шыққан тораптар мен бөлшектерді зауытқа міндетті түрде жіберу талабымен өндіруші зауыт кешенді түрде жояды. Жіберілетін бөлшектерге дұрыс толтырылған кепілдік талоны бірге тіркелуі тиіс. Плитаны кепілдікті және кепілдіктен кейінгі жөндеуді тиісті жөндеу ұйымдары жүргізуі тиіс.

**Кепілдікті міндеттемелер мынадай жағдайларда орындалмайды:**

— тасымалдау және сақтау ережелерін сақтамау;

— орнату және пайдалану ережелерін сақтамау;

— құқығы жоқ тұлғалардың плитаны бөлшектеуі және жөндеуі.

— Шыныдан жасалған бұйымдар кепілдікті болып табылмайды.

20.4. Өндіруші зауыт плитаны жөндеуден немесе сатылғаннан кейін оның толық жиынтықталмауы және механикалық зақымдары бойынша шағымдарды қабылдамайды.

20.5. Өндіруші зауыт өнімге шағымдарды толтырылған кепілдік талоны болған жағдайда (жеке тұтынушы үшін) плитаның зауыт нөмірін, оны жасап шығару күнін, жиынтықтаушы тұлғаның аты-жөнін (сатушы ұйымдар үшін) көрсете отырып қабылдайды.

20.6. Кепілдік жарық беру шамына қолданылмайды. Оны сатып алу мәселесі бойынша сауда желісі дүкендеріне хабарласу қажет.

20.7. Куәлікте плитаны орнату туралы белгінің болмауы кепілдікті жөндеу құқығынан айырады.

## 21. БАҒАСЫ

Плитаның бағасы — плитаны орнату құнын қоспағанда еркін, сату бағасы.





**5-сурет**
ПГ1 1120 «ОЧАГ» (DVG түрі) бір шілтерлі тұрмыстық газ плитасы



**6-сурет**
Кіріктірілетін блок (түрі BG, стилі М)

Кіріктірілетін блок — газ шілтерлерінде газдың жануынан пайда болатын жылудың есебінен тамақ жасауға арналған арнайы құрылғы. Шілтерлер плитаның жұмыс үстелінде орналасқан. Газ шілтерлерінің жұмысын басқару крандармен жүзеге асырылады. Шілтерлерді тұтату үшін интеграцияланған тұтату қолданылады. Шілтердің тұтануы үшін бөлмедегі ауа пайдаланылады. Газдың жану өнімдерін бұруға арналған арнайы құрылғы қарастырылмаған.

Стиліне қарай кіріктірілетін блоктың беткі қабаты эмальданған, шыныдан, тот баспайтын болаттан жасалуы мүмкін.

## 6. ОРНАТУ, ҚОСУ, ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

6.1. Орнатар алдында шүмектердің қолданылатын газ түріне сәйкестігін тексеру керек және қажет болған жағдайда оны 1-кестеге сәйкес алмастыру керек.

6.2. Плиталарды Ресей Мемкенқадағалауы бекіткен «Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережелері» нұсқауларына және Мемқұрылыс бекіткен Құрылыс Нормаларына және Ішкі және сыртқы құрылғыларды газбен жабдықтау ережеліне сәйкес орнату керек.

6.3. Плиталарды орнатуды және баптауды тек қана газ шаруашылығы жұмыскерлері немесе газ плиталарын орнату және қызмет көрсету құқығына лицензиясы бар ұйымның мамандары жүргізуі тиіс. Газ желісіне екіжақты қосылысы бар плиталардың бастапқыдан зауыттық жағдайда сол жақтағы газ жеткізу құбыры саңылаусыз бітелген. Жеткізу құбырын қайта қосқан кезде сол жақтағы жеткізу құбырын төсемесі бар бітеуішпен демонтаждап, оң жақтағы жеткізу құбырына орнату қажет. Плитаның саңылаусыздығын тексеру қажет. Жұмысты тек газ плиталарын орнату және қызмет көрсету құқығына лицензиясы бар ұйымның мамандары ғана жүргізуі тиіс.

6.4. Плита артқы жағынан қабырғаның беткі қабатынан кемінде 70 мм, сол және оң жағынан кемінде 20 мм алшақ тұруы тиіс. Плита торының беткі қабатынан плитаның жоғарғы жағында орналасқан ас үй жабдықтарының элементтеріне дейінгі арақашықтық кемінде 1 м болуы керек.

6.5. Плиталар еденге орнатуға арналған. Плитаны тұғырға орнатуға жол берілмейді.




6-сурет

6.6. Плита артқы жағынан қабырғаның беткі қабатынан кемінде 70 мм, сол және оң жағынан кемінде 20 мм алшақ тұруы тиіс. Плита торының беткі қабатынан плитаның жоғарғы жағында орналасқан ас үй жабдықтарының элементтеріне дейінгі арақашықтық кемінде 0,85 м болуы керек.

Плиталарды орнату кезінде сақталуы қажет арақашықтықтар 6-суретте көрсетілген.

ПГ4 1469 плиталарын орнату алдында (еден нұсқасы) құрастыруды мынадай ретпен жүргізу керек.

1. Үстелге қойылатын плитаны төңкеріп орнатыңыз.
2. Қысқа тіреуіштерді ( 3-поз.) бұрандаларды, сомындарды — 12 дана (әр тіреуіште 3 данадан) түбіндегі тесіктен ( 2-поз.) өткізіп бұрап, кезекпен демонтаждау керек.

Алдыңғы тіреуіштерді плитаны 45° бұрышқа еңкейтіп демонтаждау керек.

3. Қысқа тіреуіштердің әрқайсысын М6 бұранда және сомын арқылы бекітіп, ұзын тіреуіштерге алмастыру керек. Тіреуішті плита түбіндегі тесік арқылы сомынды ұстап тұрып бұрап, бүйірлік қабырғаға (10-поз.) бекітетін бұранда.

Барлық бекіткіш бұрандаларды қатты тартпай бұрау керек.

4. Екі сөрені 8 М6 бұрандасы мен сомынын орналастыру арқылы кезекпен орнатыңыз.
5. Тіректің ұзын тіреуіштеріне орнату керек (7-поз.).
6. Плитаны ұзын тіреуіштерге барлық тіреуіштері еденге тиетіндей етіп сәл басып тігінен орнату керек.
7. Барлық бекітпелерді (сомыны бар 28 бұранда) тартып бұраңыз.





**<u>Кіріктірілетін блоктар</u>**

Үстел мен жоғарғы жағындағы аспалы шкафтар арасындағы ең төменгі арақашықтық — 850 мм. Үстел мен ауа сорғыш арасындағы ең төменгі арақашықтық — 750 мм. Плитаны раковинаның жанына орнатуға тыйым салынады.

Кіріктірілетін блоктарды ас үй жабдығына орнатқан кезде суретке сәйкес ас үйдегі үстіңгі тақтайда көлемі 520×480 мм және радиусы R38 ойық жасап, плитаның үстіңгі тақтайға орнығa енуін тексеру керек. Қажет болған жағдайда ойықты плита үстіңгі тақтайға оңай орнатылып, еркін шығарылатындай етіп жасау керек. Плитаны үстіңгі тақтайдың ойығына корпус пен үстел арасындағы саңылаулардың біркелкілігін мүмкіндігінше сақтай отырып орнатыңыз.

Плита контурларын қарындашпен сызып, плитаны шығарып алыңыз. Ойық шеттеріне қорғаныс үлдірін төменгі жағынан біртіндеп ала отырып және оны ақырын басып тығыздағыш профильді жабыстырыңыз, ойық контуры бойымен осылай айналып шығу керек. Плитаны үстіңгі тақтай ойығына ақырын орнатыңыз. Корпусқа қапсырмаларды бұрандалармен бекітіп орнатыңыз.




6а-сурет



1-кестеге сәйкес жүргізіңіз.

Жұмыс барысында резеңке сақиналардың зақымданбауын, кесілмеуін, жаншылмауын, т. б. бақылау керек.

Жөндеу барысында шүмекті алмастыру кезінде, сонымен қатар басқа газ түріне ауыстыру кезінде:

— жалпы газ беру кранын жабу, плитаның барлық крандарын жабу;
— плитада электр бөлігі болған жағдайда плитаны электр желісінен ажырату керек.

**Үстел шілтерінің шүмегін ауыстыру:**

— үстел торын, шілтерлер тобының қақпағын шешіңіз;
— 7 мм тұқыр кілтімен шүмекті бұрап шығарыңыз;
— жаңа шүмектерді орнатыңыз, бұл ретте олардың 1-кестеге сәйкес орнатылуын бақылаңыз (құрастыру кезінде резеңке сақиналарды силикон маймен майлау керек);
— шүмекті орнатқаннан кейін оның тігісіне сабын көбігін жағып, саңылаусыздығын тексеріңіз, бұл ретте шүмектер 1-кестеге сәйкес орнатылуын бақылаңыз;
— шілтерлер тобының қақпағын ортаныңыз;
— үстел торын орнатыңыз.

**Тұмшапеш шілтерінің шүмегін ауыстыру:**

— тұмшапеш есігін ашыңыз;
— тұмшапештің түбін шығарып алыңыз;
— суырма жәшікті (суырмалы жәшігі бар плиталар үшін) шығарып алыңыз;
— тұмшапеш шілтерінен терможұпты бұрап шығарыңыз;
— тұмшапеш шілтерін бекітетін бұрамашегені бұрап шығарып, тұмшапеш шілтерін шешіңіз;
— шүмек корпусын сомынды кілтпен ұстап тұрып, 7 мм тұқыр кілтпен шүмек корпусынан шүмекті бұрап шығарыңыз. Шүмек корпусының айналып кетуіне жол бермеңіз;

- шүмек корпусын кілтпен ұстап тұрып жаңа шүмекті орнатыңыз, бұл ретте олардың 1-кестеге сәйкес орнатылуын бақылаңыз (құрастырған кезде резеңке сақиналарды силикон маймен майлау керек). Шүмек корпусының айналып кетуіне жол бермеңіз;

— шүмекті орнатқаннан кейін оның тігісіне сабын көбігін жағып, саңылаусыздығын тексеріңіз, бұл ретте шүмектер 1-кестеге сәйкес орнатылуын бақылаңыз;
— тұмшапеш шілтерін шүмек корпусына кигізіп, бұрамашегемен бекітіңіз;
— тұмшапеш түбін орнатыңыз;
— суырма жәшікті (суырмалы жәшігі бар плиталар үшін) орнатыңыз;

**Ескертпе.**

Терможұптарды орнатуды баптау және үстел мен тұмшапеш шілтерлерінің жалынын бақылау құрылғысының жұмысқа жарамдығын тексеру өндіруші зауытта жүргізілген. Тасымалдау, сату алдындағы дайындау процесінде терможұптар бастапқы күйінен ығысып жылжуы мүмкін.

**Мұндай жағдайларда:**

Үстел мен тұмшапеш шілтерлерінің жалынын бақылау құрылғысы іске қосылмаса терможұпты орнатуды реттеу қажет:

— терможұп шілтерлердің жалын шығатын тесіктеріне барынша жақын және оларға қарама-қарсы орналасуы тиіс.

«Газ-бақылау» краны (жалынды бақылау құрылғысы бар кран) істен шыққан кезде болуы мүмкін ықтимал ақаулар:

— терможұп шеті шілтер жалынынан тыс жерде — реттеу керек;
— терможұп түйіспелері тотыққан — бұрап шығарып алып, түйіспені тазартыңыз;
— терможұп істен шыққан (сынған) — алмастырыңыз;
— кран дұрыс қосылмаған (қосқан кезде дұрыс басылмаған) — реттеңіз;

## 19. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

5-кесте

| Ақаудың атауы, сыртқы белгісі, қосымша белгілері | Ықтимал себебі | Жою тәсілі |
|---|---|---|
| Шілтер жанбайды немесе нашар жанады | — желіде тым аз қысым;<br>— шілтер арналарына лас немесе ылғал түсті;<br>— шілтер қисық орнатылған;<br>— шүмек бітеліп қалған; | — газ қызметіне хабарласыңыз;<br>— шілтерді тазалаңыз және кептіріңіз;<br>— шілтерді дұрыс орнатыңыз;<br>— жұқа сымтемірмен немесе инемен шүмекті тазалаңыз |
| Шілтердің жалыны үзіліп жанады | - желідегі газдың қысымы тым жоғары | — газ қызметіне хабарласыңыз;<br>— тұтқамен газ қысымын жану тұрақтанғанға дейін азайтыңыз |
| Тұмшапеш шілтері тұтандырғыш арқылы жанбайды | тұтандырғыш дұрыс орнатылмаған | *- газ ағыны тұтандырғышқа түсетіндей етіп орнатыңыз |
| Қыздырған кезде тұтқа қырысып қалады | - кран майы таусылған | *- кранды қайта майлаңыз (кранды кемінде 3 жылда 1 рет қайта майлау керек) |
| Электр жабдығы жұмыс істемейді | — плита желіге қосылмаған<br>— қуаттау сымы үзілген | - плитаны қосу;<br>*- қуаттау сымын алмастыру |
| Электрлі тұтандырғыш жұмыс істемейді:<br>— ұшқын жоқ<br>— ұшқын бар, бірақ жанбайды | — ажыратқыш сымы зақымданған;<br>— ажыратқыштың фарфор корпусы сынған;<br>— ажыратқыш қатты ластанған немесе су төгілген;<br>— желідегі қысым тым жоғары;<br>— шілтер мен ажыратқыш арасындағы саңылау тым үлкен | *- ажыратқышты алмастырыңыз;<br>— ажыратқышты тазалаңыз және кептіріңіз;<br>— газ азырақ берілген кезде жағу;<br>*- шілтер мен ажыратқыш арасындағы саңылауды реттеңіз (6-сурет) |
| Автоматты тұтату жұмыс істемейді | — түйіспе жоқ;<br>— істен шыққан | монтаждау ұйымына хабарласыңыз<br>*- алмастырыңыз |
| Тұмшапешті жарықтандыру шамы жұмыс істемейді | - шам күйіп кеткен | - шамды алмастырыңыз |
| СКТ түймесі іске қосылмайды (жалынды бақылау құрылғысы бар кран) | — терможұптың ұшы жалынға дұрыс салынбаған;<br>— терможұпты СКТ-ға қосқан жерде түйіспе жоқ;<br>— терможұп істен шыққан;<br>— электрмагнитті клапан істен шыққан | *- терможұп күйін реттеу;<br>*- терможұптың бекіткіш сомындарын тартыңыз;<br>*- терможұпты алмастырыңыз;<br>*- электрмагнитті клапанды алмастырыңыз |
| * жұмыстарды сервистік қызмет жүргізеді | | |

<u>**Ескеру (жөндеу қызметтеріне ұсынымдар):**</u>

Плитаны табиғи газдан сұйытылған газға және керісінше және бір қысымнан екіншісіне ауыстыру шілтер шүмектерін ауыстырумен жүргізіледі және арнайы ұйымдардың персоналы жүзеге асырады. Плитаны құрастыру және жөндеу кезінде шүмектерді орнату



<u>**Плитаны қосқан кезде**</u> саңылаусыздықты қамтамасыз ету үшін рампа мен газ жіберу құбыры арасында паронитті төсеме орнату керек.

<u>**Газ желісіне қосар алдында**</u> құбырдың ішкі қуысына 7-суретке сәйкес газ сүзгісін орнатыңыз.

Газ сүзгісі Құбыр



7-сурет

Газды қатты және иілгіш газ жіберу құбыры арқылы қосуға болады. Қатты қосылу

— Қосар алдында желідегі газ қысымы плита тақтайшасында көрсетілген мәліметтерге сәйкес болуына тағы бір рет көз жеткізіңіз.

— Плитаны газ тіреуішіне немесе баллонға қосуды тиісті стандарттарға сәйкес жүргізу керек.

— Газ тіреуішіне қатты қосылу (8-сурет) өткізгіш муфта арқылы жүргізіледі (жеткізу жиынтықтығына кірмейді).



8-сурет

Қатты қосылуды бұрыштық жалғағыштар арқылы жүргізуге болады (жеткізу жиынтықтығына кірмейді).

<u>Ұсынылатын бұрыштық жалғағыштар:</u>

— бұрыштық жалғағыш GZ1/2"; PB1/2";
— өткізгіш бұрыштық BP1/2" × BP1/2";
— әмбебап бұрыштық 1/2" 1013012.

<u>**Иілгіш қосылу**</u>

Газ желісіне немесе баллонға иілгіш шланга арқылы қосуды Сіздің өңіріңізде қолданыстағы газбен қамту және қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізу керек (9-сурет).

Құрылғыны баллонға қосқан кезде газ қысымын реттегішті қолдану керек. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ҚҰРЫЛҒЫНЫ ГАЗ ЖЕЛІСІНЕ ИІЛГІШ ТОК ӨТКІЗГІШ ШЛАНГАМЕН (БОЛАТ НЕМЕСЕ БОЛАТ ТОРЛАМАДАҒЫ ЖӘНЕ Т. Б.) ҚОСҚАН КЕЗДЕ АРНАЙЫ ОҚШАУЛАҒЫШ ҚОНДЫРМАНЫ ПАЙДАЛАНҒАН ЖӨН. ҚОНДЫРМА ПӘТЕР ІШІНДЕГІ ГАЗ ҚҰБЫРЫНДА КРАННАН КЕЙІН ОРНАТЫЛАДЫ.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ГАЗ ЖЕЛІСІНЕ

ИІЛГІШ ТОК ӨТКІЗБЕЙТІН ШЛАНГАМЕН (РЕЗЕҢКЕ) ҚОСҚАН ЖАҒДАЙДА АРНАЙЫ ОҚШАУЛАҒЫШ ҚОНДЫРМАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ.

ТҰТЫНУШЫДА ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАЙТЫН ТҮЙІСПЕСІ БАР ЕКІ ПОЛЮСТІК РОЗЕТКА БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚҰРЫЛҒЫНЫ ГАЗ ЖЕЛІСІНЕ (БАЛЛОНҒА) ҚОСУҒА **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Иілгіш жалғағыш шланг, арнайы оқшаулағыш қондырма және газ қысымын реттегіш жиынтыққа кірмейді және оларды сауда желісі арқылы сатып алу керек. Иілгіш жалғағыш шлангтың сипаттамалары Сіздің өңіріңіздегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес болуы керек. Таңдалып алынған шлангтың жасап шығарылған күні, қызмет ету және алмастыру мерзімі көрсетілген құжаты болуы керек.




9-сурет

**Қосқан кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:**

— шланг бүкіл ұзындығы бойымен қарап тексеріп шығу үшін қолжетімді болуы тиіс;

— шланг жоғары температуралар аймағынан өтпеуі және қорғаныс қаптамасына жанаспауы тиіс;

— шланг қысылмауы, күрмектеліп қалмауы, қатты майыспауы және тарту күшіне түспеуі тиіс;

— шланг жылжымалы нысандарға және шеттері үшкір заттарға жанаспауы керек;

— шлангтың ұзындығы кемінде 1,5 м болуы керек;

— егер шланг зақымдалған болса, оны толығымен алмастыру керек, жөндеуге болмайды. ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Шырпымен немесе басқа ашық от көзімен қосылыстың саңылаусыздығын тексеруге және газдың шығу орнын іздеуге тыйым салынады.

Плитаны орнатқаннан кейін газ құбырының иілгіш шлангтың күйін және қуаттау сымын міндетті түрде тексеріп алыңыз (10-сурет). Олар түтіндіктің ыстық ауа жүретін аймағынан өтпеуі және плитаның артқы қабырғасына жанаспауы тиіс, өйткені тұмшапеш жұмыс істеген кезде ол жерде температура жоғары болады да, зақым келтіруі мүмкін.



10-сурет

Құрылғының және электр желісінің параметрлері сәйкес келмеген жағдайда құрылғыны газ желісіне қосуға тыйым салынады.

Құрылғы 220–230 В (50 Гц) желісіне қосылады.

Орнатқаннан кейін аша мен желі баусымы ажырату мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қолжетімді болуы және қатты қыздыруға ұшырамауы тиіс. Өшіруді кіріктіріліп орнатылған ажыратқыштың стационарлық сымының көмегімен электр техникалық монтаждау ережелеріне сәйкес жүзеге асыруға болады.

Құрылғыны розетка жұмыс аймағының астында болатындай етіп орналастыруға болмайды. Қосар алдында шебер мына төмендегілерді көзбен шолып тексеруге міндетті:

— жерге тұйықтау түйіспесі бар екі полюсті розетканың болуы;

— үстелдің басқару тұтқаларын нөлдік күйге орнату;

— тұтынушыдан құрылғы мен электр желісі (кернеу, рұқсат етілген ток, жерге тұйықтау) параметрлерінің сәйкестігін растауды (орнату талонына қол қою) алу. Одан кейін талаптардың орындалғаны туралы орнату талонына тұтынушыға қол қойдыру.



9. Абонентке нұсқау беру.

— Плитаны газдың басқа түріне ауыстырған кезде техникалық қызмет көрсетуді, реттеуді, шүмектерді алмастыруды газ шаруашылығы кәсіпорындарының жұмыскерлері жүргізеді.

— Плита иесіне плитаны газ желісіне немесе баллонға өз бетінше қосуға, шүмекті алмастыруға, сондай-ақ оны кез келген жөндеуді және майлауды жүргізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Кранның үйкеліскен беткі қабаты мерзімді түрде үш жылда бір рет 4-кестеге сәйкес майланып тұруы керек.

4-кесте

| Құрастыру бірлігінің атауы | ЖЖМ маркасының атауы | ЖЖМ салмағы (г) | Жағу әдісі | Схемадағы май құю позицияларының нөмірлері |
|---|---|---|---|---|
| Кран | Негізгі ЛЗ ГАЗ 41 ТУ 38 101644-76 Қайталанатын Герметон (ПНП) | 0,00002 | Майды үш жылда бір рет қалақшамен жағу керек | Тесіктің беткі қабаты, өзек, фланец (үйкеліскен беткі қабаттар) тығыздағыш сақина |

## 17. САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

— Плитаны тұтынушыда орнату үшін ауа температурасы +5 °С до +40 °С аралығында болатын,

ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын және ауада плита материалдарына зиян келтіретін қышқыл және басқа булар болмайтын жылытылатын және желдетілетін бөлмеде зауыттық қаптамада сақталуы тиіс.

— Тасымалдауды онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес жауын-шашын мен механикалық зақымданудан сақтайтын биіктігі үш қатардан аспайтын зауыттық қаптамада тек тігінен орналасқан күйде жүргізу керек.

Шыны қақпағы бар плиталарды, габариттік көлемі 850×580×600 мм плиталарды бір қатарға немесе рұқсат етілетін (2,3) соңғы қатарға қаттап жинап, тасымалдауға жол беріледі.

— ПГ4 1469, ПГ1 1120 «ОЧАГ» плиталарының кіріктірілетін блоктарын қаптамада қаттап жинауды биіктігі 5 қатардан аспайтындай етіп жүргізу керек.

— Плитаны монтаждау орнына жеткізу қаптамада көрсетілген схемаларға сәйкес жүргізілуі керек.

— Плиталарды тек орнатылатын жерде ғана қаптамадан шығаруға болады.

— Плитаны тұмшапеш есігінің тұтқасынан және коллектор құбырынан ұстап тасымалдауға тыйым салынады. Плитаның орнын ауыстырған кезде оны тұмшапештің есігін ашып, жоғарғы жағынан ұстауға кеңес беріледі.

## 18. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Қызметін өтеген плита көп компонентті қатты тұрмыстық қалдықтардың қауіпті сыныбына жатады, сондықтан қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін плитаны тұрмыстық плиталарды қадағалауды жүзеге асыратын арнайы ұйымға тапсыру керек.

Егер плита қоқысқа жөнелтілетін болса, балалардың қолына түскен жағдайда ол жазатайым оқиғаларға себепші болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Оны барынша қауіпсіз етуге тырысыңыз (қуаттау баусымын кесіп, қолда бар электр торaптарын шешіп алыңыз).

одан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

— Майды аз мөлшерде арнайы құрал қосылған жылы сумен жуып кетіруге болады.

— Ластанған және дымқылданған электр тұтандырғыштың ажыратқыштары жұмыс істемеуі мүмкін. Үстел мен керамикалық ажыратқыштарды тазартқан кезде мұқият болыңыз. Сынған ажыратқыш жөндеуге келмейді, оны алмастыру керек.

— Тұмшапешті жуған кезде мұқият болыңыз - резеңке профилін зақымдап алмаңыз.

— Үстел мен басқару тұтқаларын тазартқан кезде мұқият және абай болыңыз. Тазартқыш құралдар мен сұйықтықтардың кран тұтқаларының астындағы саңылауларға түсуіне жол бермеңіз.

## 16. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардағы газ жабдығына техникалық қызмет көрсету (ТҚ) Тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардағы газ жабдығына техникалық қызмет көрсету ережелерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

— Тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардағы газ жабдығының саңылаусыздығын тексеруді газ шаруашылығы кәсіпорындары белгілеген мерзімдерде жүргізіледі.

— Өндіруші белгілеген газды пайдаланатын құрылғының қызмет мерзімі аяқталған кезде бұл жабдыққа техникалық қызмет көрсету (оны алмастырғанға дейінгі кезеңде) тұрғын үйлерде жылына кемінде бір рет және қоғамдық ғимараттарда (үй-жайларда) кемінде алты айда бір рет жүргізілуі тиіс.

— Үй ішіндегі газ жабдығына алғашқы техникалық қызмет көрсету плитаның кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін алты ай өткен соң ғана жоспарланады.

— Плитаның кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін қажетті қосалқы бөлшектерді жеткізу өндіруші зауыттың қаражаты есебінен жүргізілмейді.

— Тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарда үй ішіндегі газ жабдығына техникалық қызмет көрсету мерзімін газ шаруашылығы кәсіпорындары және газ тұтынушысы үй ішіндегі газ жабдығының техникалық күйін және нақты пайдалану шарттарын ескере отырып белгілеуі тиіс.

— Техникалық қызмет көрсетулер арасында анықталған плитаның ақаулары мен істен шығу жағдайларын газ қызметтері абоненттердің өтініштері бойынша жояды.

Құрылғыны пайдалануға берер алдында газды тұтынушыларға газды пайдалану және құрылғыларды пайдалану қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқау жүргізіледі. Газды тұтынушыларға плитаның анықталған ақаулары туралы газ шаруашылығының пайдалану қызметіне дер кезінде хабарлау керектігі туралы ескертілуі керек.

Плитаны ақау жойылғаннан кейін өшіру және қосуды актімен рәсімдеу керек.

**<u>Газ плитасына техникалық қызмет көрсету кезінде жүргізілетін жұмыстар:</u>**

1. Нормативтік өлшемдерді тексеру.
2. Қосылыс саңылаусыздығын тексеру.
3. Крандардың жұмысқа жарамдылығы мен саңылаусыздығын тексеру.
4. Шүмек диаметрінің газ түрі мен қысымына сәйкестігін тексеру.
5. Газ шілтерлерінің жануын реттеуді жүргізу.
6. Газдың жалындап жану процесін (сары жалынның болмауын) және жалынның тұрақтылығын көзбен шолып тексеру.
7. Қажет болған жағдайда профилактикалық жұмыстарды жүргізу (шүмектерді, шілтерлердің газ арналарын тазалау).
8. Газ жеткізетін иілгіш шлангтың күйін тексеру (кемінде жарты жылда бір рет).



Егер тұтынушы құрылғы мен электр желісі параметрлерінің сәйкестігін растай алмаған жағдайда, қажет болған жағдайда, оған растау және пысықтау үшін Тұрғын үй пайдалану кеңсесіне хабарласуы керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** ҚҰРЫЛҒЫ ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ I СЫНЫБЫНА СӘЙКЕС ЖАСАЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАЛҒАН ТҮЙІСПЕСІ БАР ЕКІ ПОЛЮСТІК РОЗЕТКАҒА ҚОСЫЛУЫ ТИІС!

Қосқаннан кейін шілтердің жұмыс істеуін тексеріңіз. Шілтер жалыны бірқалыпты, үзіліссіз және жанып-өшусіз болуы керек.

## 7. ТІРЕКТЕРДІ ОРНАТУ

Моделіне қарай плиталар өтемдеуші тіректерімен немесе реттелетін аяқтарымен болады.

Өтемдеуші тіректерді (11-сурет) плитаның төменгі бөлігінде орналасқан саңылауларға орнату керек.

Реттелетін аяқтарды (12-сурет) плитаның төменгі бөлігінде орналасқан кронштейндерге орнату керек. Тіректерді айналдыра отырып плитаны көлденең күйге қою керек. Айналдыру ыңғайлы болуы үшін плитаның шетін реттеу жағынан сәл көтеріңіз.

Плитаны мақсатты жеріне орнатыңыз.

11-сурет



12-сурет



## 8. ҮСТЕЛ ТОРЫН ОРНАТУ

Плитаның артқы қабырғасынан торды шешіп алып, оны шаңнан және ластанудан тазартып сүртіп, үстелге орнату керек. Торды үстелге бекітуге арналған саңылаулар бар (сымды торы бар плиталар үшін).

Үстелдің профильдік торымен жабдықталған плиталар үшін — торға резеңке амортизаторларды (жақтаудың алдыңғы және артқы жағына 2 данадан) кигізу керек.

## 9. ЭЛЕКТР СЫМДАРЫН ТЕКСЕРУ

Плитадағы электр монтаждау қосылыстарының дұрыстығын көзбен шолып тексеру қажет. Штекерлер ажыраған жағдайда оларды схемаға сәйкес қосыңыз.

## 10. ТҰМШАПЕШ ШІЛТЕРІНІҢ ТЕРМОЖҰБЫН РЕТТЕУДІ ТЕКСЕРУ

Тұмшапештің есігін ашып, тұмшапештің түбін шығарып алыңыз. Терможұптың бекітілуін тексеру және қажет болған жағдайда сомынын тартып бұрау қажет. Тұмшапештің терможұбы мен шілтері арасындағы саңылауды тексеру, саңылау 1–2 мм болуы керек. Саңылау үлкен болса, иілгіш кронштейннің астына оны қайта қалпына келтіру керек (13-сурет).




13-сурет

## 11. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

**11.1. Үстел шілтерін тұтату үшін, мыналарды орындау керек:**

Үстел шілтерінде тұтандырғышы жоқ плиталар үшін:

шырпыны жағыңыз, кран тұтқасын басып, сағат тіліне қарсы бағытта панельдегі кран толығымен ашық екенін көрсететін белгіге дейін бұраңыз да, газды тұтатыңыз.

Үстел шілтерінің тұтандырғышы бар плиталар үшін:

кран тұтқасын басып бұрап, электр тұтандырғыш батырмасын кешіктірмей басыңыз және қайта босатыңыз. Бұл ретте барлық ажыратқыштар мен шілтерлер арасында ұшқын шығады. Газ берілетін шілтер тұтанады. Егер газ тұтанбаса, батырманы тағы бір рет басып, қайта босату қажет.

Желідегі қысым жоғары болған кезде шілтер газ аз берілгенде оңай тұтанады (тұтқа максималды және аз жалын арасындағы күйде).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Кемінде бір шілтер шешіп алынған кезде электр тұтандырғышты қоспаған дұрыс. Бұл оның ерте тозуына әкеп соғуы мүмкін. Үстел шілтерін тұтату үшін, мыналарды орындау керек:

Үстел шілтерінің автоматты «интеграцияланған» тұтандырғышы бар плиталар үшін:

— кран тұтқасын басып ұстап тұрып, тұтану белгісінің күйіне қарай бұраңыз*;
— жалын пайда болғаннан кейін кран тұтқасын «үлкен жалын» және «әлсіз жалын» күйлерінің ортасына ауыстырыңыз. Егер шілтер тұтанбаса, кран тұтқасын «жабық» күйіне бұрап, қайта тұтандырып көріңіз;
— кран тұтқасын өзіңізге қажетті күйге бұраңыз.

Шілтер жалынын бақылау құрылғысымен жабдықталған плиталар үшін. Шілтерлердің жалынын бақылау құрылғысының мақсаты жалын өшкен жағдайда газды өшіру:

— кран тұтқасын басып тұрып, сағат тіліне қарсы бағытта кран тұтқасындағы белгі кран максималды ашық екенін білдіретін (үлкен жалын) басқару панеліндегі белгімен сәйкес келгенше бұраңыз;

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тұтқаны басып ұстап тұрыңыз.**

— шырпыны дереу жақындатып, газды жағыңыз;
— шілтер тұтанғаннан кейін тұтқаны басылған күйі 10 секундтан артық емес ұстап тұру қажет;
— тұтқаны босатыңыз және шілтердің тұтанғанына көз жеткізіңіз.

Егер берілген уақыт ішінде шілтер тұтанбаса, әрекетті 1 минуттан кейін қайталаңыз. Шілтердің жалыны (кез келген себептен) өшкен жағдайда баптау құрылғысын (кранды) жауып, тек 1 минуттан кейін ғана қайта тұтатып көруге болады.

Жану қарқындылығын реттеуді кейін тұтқаны сағат тіліне қарсы бұрау арқылы орындау керек, тұтқаны тірелгенше бұраған кезде ол «әлсіз жалын» режимінде жұмыс істейді.

Механикалық таймермен жабдықталған плиталар үшін

Механикалық таймер ағымдағы уақытты көрсету үшін, тамақ дайындау уақытының интервалын белгілеу және дыбыстық хабарлама беру үшін қолданылады. Ағымдағы уақытты белгілеу:

Ағымдағы уақытты белгілеу үшін басқару батырмасын өзіңізге қарай тартып тұрып, сағат тіліне қарсы бұраңыз.



(бұйымның астыңғы бөлігінің күюі) тұмшапеш түбіне тағамға арналған фольга парағын төсеуге болады.

**Есте сақтаңыз!** Сатып алушылардан алынған сауалнама және сервистік қызмет ақпараты желідегі қысым мен газдың калориясы әр өңірде ауытқымалы болатынын және кейде рұқсат етілген нормадан асатынын көрсетті. Сондықтан қалыпты емес жағдайларда барлық кеңестер мен кестелердің деректері тек ұсынымдық сипатқа ие болады. Сіздің жеке тәжірибеңіз бен нақты жағдайды бағалау қажетті түзетулерді енгізуі мүмкін.

**Жалпы ережелер:**

— Егер бәліштің үстіңгі беті күйсе. Оны бір саты төмен сөреге қойып, температураны азайтыңыз.
— Егер бәліштің астыңғы беті күйсе. Оны бір саты жоғары сөреге қойып, пісіру температурасын азайтыңыз.
— Бәліштің іші піспей қалады. Келесі жолы қамырды илеген кезде сұйықтықты аз қосып, бәлішті неғұрлым төмен температурада, бірақ ұзағырақ пісіріңіз.
— Егер бәліш «тапталып» қалса. Қамырдың суы көп және тым жоғары температура таңдап алынған.
— Егер бәліш тым құрғақ болса. Температураны 10 °С жоғары орнатып, пісіру уақытын азайтып көріңіз.
— Бәліштің піскенін қалай тексеруге болады? Бәліштің пісуіне шамамен 10 минут қалған кезде оның ең қалың жерін ағаш түйреуішпен тесіп көріңіз. Егер түйреуішке қамыр жабыспаса — бәліш пісті. Тұмшапештің қалдық жылуын пайдалану үшін оны өшіріп, бәлішті тағы 5 минутқа қалдырыңыз.
— Егер бәліш қалыпқа жабысып қалса. Бәліштің шеттерін алдымен пышақпен ақырындап қалыптан ажыратыңыз. Егер қалыпты салқын дымқыл сүлгіге қойсаңыз бәліште оңай алуға болады, ал келесі жолы пісірген кезде қалыпқа көбірек май жағып, кепкен нан ұнтағын, сұлы қауызын немесе жаңғақ ұнтағын себіңіз.

## 15. ПЛИТАҒА КҮТІМ ЖАСАУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Электр бөлігі бар плиталарды жуып тазарту алдында міндетті түрде плитаны электр желісінен ажырату керек.

— Плитаның эмальданған, әйнек, пластмасса беткі қабаттарын сабын қосылған сумен жуып, құрғақ жұмсақ шүберекпен сүрту керек.

Тазарту үшін мыналарды пайдалануға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

— абразивті материалдар (қатты ұсақ түйіршікті заттар);
— құрамында құм, сода, қышқылдар және басқа да плитаның беткі қабатын зақымдауы мүмкін агрессивті бөлшектері бар тазартқыш құралдар;
— қатты ысқыштар, металл жөкелер немесе ласты кетіретін пышақ және басқа қатқыл заттар.
— Плитаның беткі қабатында құрамында қышқылы бар сұйықтықтарды (лимон шырыны, сірке суы және т. б.) қалдыруға **БОЛМАЙДЫ.**

**Тазарту үшін мына заттарды пайдалануды ұсынамыз:**

— жұмсақ шүберек, микрофибрадан жасалған жұмсақ сүлгілер;
— құрамында жоғарыда аталған заттар болмайтын арнайы жуғыш заттар, ыдыс жууға арналған сұйық заттар.

**Пайдалы кеңестер:**

— тамақтың дақтарын кепкенге дейін кетіру керек;
— кетпейтін және қатып қалған ескі дақтарды алдымен суға салып жібіту керек,

## 14. ТӘЖІРИБЕЛІК КЕҢЕСТЕР

Ыдысты газ шілтерінің ортасына орнату қажет.

Үстел шілтерін пайдалану бойынша

— Ыдыстың өлшемдерін (2-кестеге қараңыз) және шілтердің жұмыс режимін жалын сыртқа шықпайтындай және ыдыстың шетін «жаламайтындай» етіп таңдау керек;

— түбі дөңес немесе ойыс шұңғыл ыдысты пайдалануға болмайды;

— қақпағы бар ыдысты пайдаланыңыз — бұл дайындау уақытын айтарлықтай қысқартады;

— сұйықтықты қайнатып, қақпағын ашуды немесе жылжытуды қажет етпейтіндей минималды режимді орнатыңыз.

Диаметрі шағын ыдысты шілтерге орналастыру үшін қосымша тұғырды пайдалану керек (жеткізу тапсырыс берушінің талабы бойынша жүзеге асырылады).

2-кесте

| Газ шілтері | Номиналды қуат | Артық жоғары қуат | Аз қуат |
|---|---|---|---|
| Кәстрөл диаметрі, мм | 200–240 | 220–260 | 140–220 |

Бәліштер дайындау үшін

— Нан өнімдерін пісіру алдында тұмшапешті 10–15 минут бойы қыздырып, содан кейін ғана пісіруді бастау керек. Нан өнімін пісіру артық ылғалды буландыру ұзақ уақытқа созылмауы үшін қамыр тығыз консистенцияда болуы тиіс.

— Пісіру алдында қамырды 30 минутқа қаңылтыр табаға қойып қойса, бәліш жақсырақ піседі.

— Бәліштің беті қызарып пісуі үшін оны тұмшапешке салмай тұрып, шайқап көпіршітілген жұмыртқа сарысын жағу керек.

— Ыдысты салған кезде жылуды жоғалтып алмау үшін есікті ұзақ ашып тұрмаңыз.

— Пісіру кезінде есігін ашпаңыз. Пісу барысын жарықтандыруды қосып, бақылау терезесі арқылы бақылаңыз.

— Қамырдан жасалатын өнімдерді тұмшапештің үстіңгі бөлігіндегі екінші-үшінші сөреге орнатылатын қаңылтыр табада немесе пісіру қалыбында пісіреді.

— Егер пісіру барысында пісірілетін өнімнің алдыңғы немесе артқы бөлігі қаттырақ қызарса, біраз уақыттан кейін қаңылтыр табаны айналдырып, алдыңғы және артқы бөліктерін ауыстыру керек.

— Тұмшапештегі температураны басқару панелінде орналасқан кран тұтқасымен реттейді. Температура мәндері 3-кестеде берілген.

3-кесте

| Кран тұтқасының тік күйі | 0 °С |
|---|---|
| сағат тіліне қарсы 1-күй | 330 °С |
| сағат тіліне қарсы 2-күй | 315±20 ºС |
| сағат тіліне қарсы 3-күй | 285±20 ºС |
| сағат тіліне қарсы 4-күй | 230±20 ºС |
| сағат тіліне қарсы 5-күй | 180±20 ºС |

**Ескертпе.** Кондитерлік өнімдерді пісіру сапасына қатысты проблемалар туындаған кезде



Уақыт интервалын есептеу режимін орнату (таймер режимі): Таймерді белгілі бір уақытқа қою үшін басқару бастырмасын «0» күйінен сағат тіліне қарсы бұраңыз және қоңырау шырылдайтын қажетті уақыт белгісіне орнатыңыз. Қоңырау басқару батырмасын сағат тіліне қарсы бұрап тоқтатылады.

Электрондық таймермен жабдықталған плиталар үшін

Электрондық таймер ағымдағы уақытты көрсету үшін, тамақ дайындау уақытының интервалын белгілеу және дыбыстық хабарлама беру үшін қолданылады. Плитаны қуат көзіне қосқаннан кейін тәулік уақыты автоматты түрде 12:00-ге орнатылады. «12:00» белгісі жанып, жыпылықтайды және бөлгіш нүкте жанып тұрады.

Ағымдағы уақытты белгілеу:

1. «М» мәзірі бастырмасын басыңыз, таймер тәулік уақытын орнату режиміне ауысады. Бұл режимде тәулік уақыты өзгермейді, экранда бөлгіш нүкте жыпылықтайды. Бөлгіш нүкте жыпылықтап тұрған кезде тәулік уақытын «–» және «+» батырмалары арқылы орнатуға болады. Бұл режимде тәулік уақыты өзгермейді. Батырмаларды қысқа уақыт басу индикатордың көрсеткіштерін 1 минутқа өзгертеді.

2. Уақытты орнатқаннан кейін сағат «М» мәзірінің батырмасын басқаннан кейін немесе 7 секунд өткеннен кейін жүре бастайды. Бөлгіш нүкте жыпылықтауын тоқтатып, үздіксіз жанып тұрады.

3. Егер тәулік уақытын кез келген уақытта өзгерту қажет болса, «–» және «+» батырмаларын бір мезгілде қатар басу керек. Бөлгіш нүкте жыпылықтай бастаған кезде «–» және «+» батырмалары арқылы тәулік уақытын орнатуға болады.

Уақыт интервалын есептеу режимін орнату (таймер режимі):

1. «М» мәзірін басыңыз — таймер және дыбыстық сигнал режимі қосылады, индикаторда «0÷00» мәні жанады да, «Қоңырау» жыпылықтай бастайды.

2. «–» және «+» батырмалары арқылы кідірместен қажетті уақыт интервалын (10 сағатқа дейін) орнату керек, батырманы әрбір басқан сайын интервал 10 минутқа артады немесе азаяды.

3. Батырманы соңғы басқаннан кейін 7 секунд өткен соң уақытша интервал режимі қосылады, ол аяқталғаннан дыбыстық сигнал беріледі, «дабыл қағу» 5 минутқа созылады. Дыбыстық сигналды өшіру үшін «М», «+», «–» батырмаларын басу керек.

4. Режимнің күшін жою — «М» батырмасын басып, «–» батырмасы арқылы дисплейде нөлді орнатыңыз. Плитаны электр желісінен ажыратқан кезде, электр қуаты өшкен кезде,

ағымдағы уақыт пен уақыт интервалын есептеу режимі іркіледі. Плитаны қосқан кезде немесе электр қуатын қосқанда ағымдағы уақытты қайта орнату керек және қажет болған жағдайда уақытша есептеу интервалын орнату керек.

### 11.2. Тұмшапеш

Тұмшапеш кондитерлік өнімдерді, ет, құс етін,балық етін пісіруге арналған.

**Қуыратын таба** торда ет тағамдарын дайындаған кезде бөлінетін май мен шырынды жинау үшін, сондай-ақ, ет, балық, картоп және көкөніс тағамдарын дайындау үшін қолданылады. **Қуыратын таба нан өнімдерін пісіруге арналмаған.**

**Тұмшапештің торы** нан өнімдерін пісіретін қалыптарды әртүрлі деңгейлерде орналастыруға арналған сөре ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар тордың үстінде ет, құс еті, кәуап және т. б. дайындауға болады.

Металл тор мен қуыратын табаның ең жоғарғы рұқсат етілетін жүктемесі — 8 кг (тұмшапеші бар 4 шілтерді плиталар үшін).

Металл тор мен қуыратын табаның ең жоғарғы рұқсат етілетін жүктемесі — 5,6 кг (тұмшапеші бар 2 шілтерлі плиталар үшін).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тұмшапештің қолжетімді бөліктері пайдаланған кезде қызуы мүмкін. Балаларды жақындатпаңыз.

**Тұмшапеш шілтерін қосу.**

Тұмшапешті алғашқы рет пайдаланар алдында, оны және бүкіл жиынтығын (қуыратын табаны, торды) жылы сабынды сумен немесе сода ерітіндісімен жуып, тазалап сүртіп, кептіру керек.

— Бос тұмшапешті ішіндегі консервациялық материалдарды кетіру үшін 250 °С температурада 30 минут қыздырған дұрыс. Бұл ретте олардың күйген иісі шығуы мүмкін. Бұл иіс қауіпсіз, терезені ашсаңыз, тез шығып кетеді.

— Тамақ дайындар алдында тұмшапеш түбі толықтай кіріп тұрғанына, ал пісіруге арналған қалып артқы немесе алдыңғы бүйір қабырғаларына тимей, тордың ортасында орнатылғанына көз жеткізіңіз. Тұмшапеште ешқандай артық заттар (тапа, кәстрөл және т. б.) болмауы керек.

Бұл ережелердің сақталмауы жылу ағындарының бұзылуына әкеп соғады және пісірілетін өнімді бүлдіреді.

**Тұмшапешті жағу үшін**

жалынды бақылау құрылғысы жоқ тұмшапешінің қалыпты краны бар плита:

— кран тұтқасын басып, панельдегі кран толығымен ашық екенін білдіретін белгімен қиюласқанға дейін сағат тіліне қарсы бұраңыз;

Тұтқаны «жабық» күйден жалын тұрақты емес және өшіп қалуы мүмкін «max» күйіне дейінгі диапазонда **орнатуға болмайды**.

— бір мезгілде кран тұтқасын бұрап тұрып, жағылған шырпыны тұтандыру тесігіне жақындату керек (14-сурет);



14-сурет

тұмшапештің түбіндегі тесік арқылы шілтердің тұтанғанына көз жеткізіңіз. Егер шілтер жанбаса,

қайта тұтандырып көріңіз.

Тұмшапештің сақтандырғыш құрылғысы бар термореттегіші (СҚТ)

**СҚТ** — қажетті режимді орнатып, берілген температураны шілтер жұмыс істеп тұрған кезде автоматты түрде сақтап, шілтер өшкен кезде газдың берілуін тоқтатады.

Тұмшапеш:

— БП түймесі жоқ СҚТ-мен немесе

— тұмшапеш шілтері жалынын бақылау құрылғысы бар кранмен басқарылады

Шілтерді тұтату:

— Жалынды бақылау автоматикасы бар кран (тұмшапеш шілтерінің краны) тұтқасын басып тұрып, max күйіне қарай сағат тіліне қарсы бұраңыз.

— Шырпыны тұтандырғышқа жақындатып, тұмшапеш шілтерінің кран тұтқасын басыңыз



тірелгенше. Шілтер тұтанғаннан кейін сақтандырғыш құрылғы іске қосылуы үшін тұтқаны 15 с басып ұстап тұру керек.

— Тұтқаны ақырын жіберіп, жалынның сөнбегеніне көз жеткізіңіз. Жалынды тұрақтандыру үшін тұмшапешті 2–3 минут есігі ашық күйде жұмыс істетіңіз.

— Егер шілтер өшіп қалса (кез келген себеппен), баптау құрылғысын (кранды) жауып, кемінде 1 минуттан кейін қайта жағып көріңіз. Әрбір тұтатуға әрекеттену алдында тұмшапештің есігін ашу керек.

Тұмшапеш БП батырмалы СҚТ-мен басқарылады

Шілтерді тұтату:

— Есікті ашып, СҚТ тұтқасын max күйіне бұраңыз.

— Жағылған шырпыны тұтандырғыш терезеге жақындатып, БП батырмасын тірелгенше басыңыз. Құрылғы іске қосылуы үшін батырманы ең көбі 15 с басып ұстап тұру керек.

— Батырманы жіберіп, жалын өшпегеніне және жану тұрақты екеніне көз жеткізіңіз.

— Тұмшапештің есігін 2–3 мин ашық қалдырыңыз, содан кейін абайлап жабыңыз. Егер шілтер өшіп қалса, тұтқаны «жабық» күйге ауыстырыңыз, 1 минут күтіп тұрып, қайтадан тұтатыңыз.

Кейбір плиталарда мұндай батырма жоқ, ол СҚТ тұтқасымен біріктірілген.

## 12. ТҰМШАПЕШТІ КӨМЕСКІ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Пісіру мен қуыруды тұмшапештің есігі жабық кезде қарап бақылау үшін тұмшапештің жарықтандыруын пайдалану керек (плитаның моделіне қарай).

Тұмшапеш шамын қосу және өшіру басқару панелінде орналасқан жарықтандыру батырмасымен жүзеге асырылады.

Шамды алмастыру үшін:

— плитаны желіден ажыратыңыз;

— тұмшапеш есігін ашыңыз (тұмшапеш салқын болуы тиіс);

— тұмшапештің сол жақ жоғарғы бұрышында орналасқан жарықтандыру шамының шыны қалпақшасын бұрап (сағат тіліне қарсы айналдырып) шығарыңыз;

— күйіп кеткен шамды бұрап шығарып, оны алмастырыңыз (шамның қуаты — 15 Вт);

— - плитаны желіге қосу.

## 13. ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІГІ

Плитаның шаруашылық бөлігі суырмалы жәшік немесе есігі айқара ашылатын жәшік болуы мүмкін (плитаның моделіне қарай).

Шаруашылық бөлік плитаның керек-жарақтарын сақтауға арналған.

Есігі айқара ашылатын жәшікті ашу үшін оны жоғары көтеріп, өзіңізге қарай тарту керек (15-сурет).



15-сурет